

Бас Директордың Тәуелсіздік Күнімен Құттықтауы

Құрметті әріптестер!

ҚПО басқармасы атынан Сіздерді келе жатқан Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма жылдық торқалы тойымен құттықтаймын!

Осындай ерекше мәні бар күн қарсаңында Қазақстанның қол жеткізген ауқымды жетістіктеріне Қарашығанақ кен орнын игеруде қосқан елеулі үлесімізді біз айрықша мақтан тұтамыз.

Қарашығанақ бүгінде - өндірістің рекордтық деңгейі, инновациялық технологиялар, жергілікті қамтудың және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуы, жоғарғы экологиялық көрсеткіштер, қазақстандық және мердігер қызметкерлер мүмкіндіктерінің өсуі. Қарашығанақ кәсіпорнының қол жеткізген жетістіктері - бүкіл компания ұйымының ынталы жұмысының және қызметкерлердің адалдығының нәтижесі. Атқарған еңбектеріңіз үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Аталған ерекше күннің құрметіне компания басқармасы ҚПО қызметкерлерінің жеке еңбек шартында белгіленген негізгі айлық еңбекақының 100 пайыздық мөлшерінде сыйақы төлеуге шешім қабылдады.

Осы мереке қарсаңында шын жүректен Сіздерге және Сіздердің жаңуларыңызға зор денсаулық, бейбітшілік және амандық тілеймін!

Ізгі ниетпен,
Бас директор
Джузеппе Пази



Мемлекет басшысы Қарашығанақ жобасы бойынша шетелдік компаниялар консорциумы өкілдерімен кездесті

Мемлекет басшысының баспасөз қызметінің хабарлауы бойынша 2011 жылдың 6 желтоқсанында Астана қаласында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қарашығанақ жобасы бойынша шетелдік компаниялар консорциумы өкілдерімен қабылдады.

«Мен сіздерді Қазақстанда қуана қарсылап отырмын. Сіздер біз үшін аса маңызды кезеңде келіп отырсыздар. Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 20 жылдығын мерекелеуде. Маған Премьер-министр сіздермен көптен талқылап келе жатқан мәселе бойынша келісімге келгендеріңізді баяндады», - деді Президент консорциум өкілдеріне. Президенттің пікірінше «бұл жұмыс оңай емес еді».

«Біздің министрлік, «Самұрық-Қазына» қоры және біздің әріптестеріміз, сіздер жұмыла жұмыс жасадыңыздар. Мен сіздерге ризамын. Осы жылдар ішінде біз сіздермен бірге жұмыс жасап келеміз, шетелдік инвесторлар кеңесінде кездесіп жүреміз. Мен әуақытта да сіздерге көмек көрсетуге тырыстым. Қарашығанақ жобасы жақсы дамуда. Қазақстан үшін ол мұнай мен газдың ірі кен орнының үлкен маңызы бар», - деді мемлекет басшысы.

«БиджиГрупп» компаниясының бас атқарушы директоры Фрэнк Чапман Нұрсұлтан Назарбаевты келе жатқан Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

«Қазақстан Орталық Азияда көшбасшы екендігі даусыз және әлемнің батысының басым бөлігі сіздің ел экономикасына қызыға қарайды. Сіз елдің ары қарай дамуына даңғыл жол салып бердіңіз», - деді ол.

Қазақстан Президентімен болған кездесуге «БиджиГрупп» компаниясының бас атқарушы директоры Фрэнк Чапман, «Шеврон» корпорациясының Евразиялық бөлімшесінің атқарушы директоры Скотт Дэвис, «ЛУКОЙЛ» ААҚ вице-президенті Андрей Кузев, «ЭНИ» концернінің барлау мен өндіру бөлімшесінің бас өндірістік директоры Клаудио Дескальци, «БиджиГрупп» компаниясының Европа мен Орталық Азия аумақтары бойынша басқарушы директоры Эшли Алманза қатысты.

ҚПО Қазақстан Республикасы Президентімен телекөпірде IV Технологиялық желі жобасы туралы

2011 жылдың 9 желтоқсанында ҚПО Б.В. компаниясы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан жалпыұлттық телекөпірге қатысты. Телекөпірде 2011 жылдың II жартыжылдығында іске қосылған Қазақстан Республикасының Индустриаландыру жобасының тұсау кесері болды.

Бұл іс-шараның басты мақсаты - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық бағдарламасы шеңберінде қол жеткен табыстарды көрсету. Шараға Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен Бөрлі ауданы әкімдігінің өкілдері және ҚПО-ның директоры қатысты. Осы ойдағыдай өткен шара ҚПО-ға өз ұжымын және біздің Батыс Қазақстан облысында, яғни ҚПО компаниясында ғана бар әлемдік деңгейдегі өндірістік қорын көрсету мүмкіндігін берді.

Қарашығанақ қайта өңдеу кешеніндегі электростанциядан тікелей трансляция кезінде Батыс Қазақстан облысы әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов және ҚПО-ның бас директоры Джузеппе Пази Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде сұйық көмірсутегін тұрақтандырудың IV Технологиялық желісін назарға ұсынды. Бұл желі сұйық көмірсутегі өндірісін жылына 2,57 млн. тоннаға дейін өсіруге мүмкіндік берді.

ҚПО-ның IV Технологиялық желінің құрылысына жұмсаған капиталының жалпы көлемі 1 миллиард АҚШ долларынан асып түсті. Негізгі жұмыстарды 14 қазақстандық мердігерлік компаниялар атқарып, 650 миллион астам АҚШ долларын игерген. Құрылыс жұмыстары уақытында 2900 қазақстандық маман жұмысқа тартылған.

Батыс Қазақстан облысы әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов атап өткендей, бұл жоба Қарашығанақ кен орнын пайдалану барысында технологиялық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

ҚПО-ның бас директоры Джузеппе Пази былай деп



атап көрсетті: Осы өндірістік нысанның пайдалануға берілуі ҚПО-ның Қарашығанақ кен орнын игерудегі инвестиция жөніндегі өз міндеттемесін тағы да дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев батысқазақстандықтарды келе жатқан мерекемен құттықтап, аумақта Тәуелсіздіктің 20 жылдығында энергетикалық жағынан тәуелсіз болуға қол жеткізудің маңыздылығын атап өтті.

Телекөпір барысында индустриалды-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 389 индустриалды жоба жүзеге асырылды.

Телекөпір аяқталысымен бас директор Джузеппе Пази ҚПО-ның барлық қызметкерлеріне мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен өткен жалпыұлттық телекөпірді дайындау мен өткізудегі тамаша, әрі кәсіби қызметтері үшін алғыс айтты.

«Біз тікелей трансляция барысында Батыс Қазақстан облысы әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов Батыс Қазақстан облысы бойынша 2011 жылдың II жартыжылдығында іске қосылған негізгі индустриалды-инновациялық жоба ретінде көрсеткенін мақтан етеміз», -

деді. Телекөпір барысында Қарашығанақ жобасының, сол сияқты ҚПО-ның Қарашығанақ кен орнын игеруге инвестиция салу жөніндегі өз міндеттемесін орындауының республика экономикасы үшін орасан зор маңызы бар екендігі тағы да бір дәлелденді.

Бұл ірі көлемдегі шара сіздердің кәсіби және беріле ұйымдастыра білулеріңіздің арқасында өтті. Мен кен орны мен Қайта өңдеу кешенінің өкілдерінің ғимаратының қызметкерлеріне осы телекөпірді табысты өткізгеніміз үшін ерекше алғыс айтқым келеді. Олар шараны дайындау мен өткізу үшін қолдан келгенін бәрін жасады. Батыс Қазақстан облысы әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов ҚПО қызметкерлеріне телекөпірді тамаша дайындап өткізгендері үшін алғыс айтуды маған тапсырған болатын.

Кен орнының менеджері Пол Мич аталған шараға қатысқандардың барлығына көлік жүргізушіден қызмет көрсетуші қызметкер, компаниялардың басшыларына дейін ризашылығын білдірді. «Үш күн бойына біз қатты дайындалдық, шараның жақсы өтуін қаладық және біздің есімізде ұзақ уақыт қалатын болды. Барлық қатысушылар үшін бұл шара ерекше бір сәт болды деп сенемін», - деді Пол Мич.





КПО Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерейтойы қарсаңында марапатталды

2011 жылдың 6 желтоқсанында БҚО әкімдігінде өткен ресми рәсімде «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы медалімен марапатталды. Осыған байланысты КПО-ның бас директоры Джузеппе Пази былай деді: «Осынау ескерткіш медалды алу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл марапат КПО мен Қарашығанақ бойынша әріптес-компаниялардың Батыс Қазақстан аумағы, жалпы бүкіл ел экономикасының дамуына қосқан үлесіне берілген жоғары баға болып табылады. Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында біз осы жылдар ішінде Қазақстанның жеткен жетістіктерінде Қарашығанақ кен орнын игеру маңызды орын алғанын мақтан етеміз. КПО-ның табысы ең біріншіден, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен Өкілетті органның және Қарашығанақ жобасы бойынша әріптес компаниялар арасында қалыптасқан табысты қарым-қатынастың нәтижесі, - деді Джузеппе Пази.



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы ескерткіш медалі ұлттық экономиканы нығайту мен жергілікті өндірістік әлеуеттілікті дамытуға ерекше үлес қосқан, сол сияқты бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінде үлгі болған компанияларға беріледі. КПО Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына өндірістік қауіпсіздікті, еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғауды жақсарту, заманауи технологияны қолдану, сол сияқты жергілікті қоғамдастықты қолдау, әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мен жергілікті тауар жеткізушілер мен қызмет көрсетушілермен қарым-қатынас жолымен үлес қосуда.

КПО қызметкерлері үкіметтік марапаттауларға ие болды



Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған 6 желтоқсанда өткен БҚО әкімдігіндегі ресми рәсімде КПО компаниясының қызметкері Автономов Александр, Погребной Владимир, Сүлейменов Беріктер Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған үкіметтік марапаттауларға ие болды. Марапаттау рәсімі кезінде атап өтілгендей КПО қызметкерлері Қарашығанақ жобасын дамытуға қосқан үлкен үлестері үшін марапатталды.

Новости Карачаганак газетінің редакциясы мен компанияның барлық қызметкерлері де Автономов Александр, Погребной Владимир, Сүлейменов Берікті үкіметтік марапат алуларымен құттықтайды және еңбекте табыс тілейді.

КПО Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі мерейтойына Приуральное орта мектебін қайта құру жобасын аяқтады

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданындағы Приуральное орта мектебін қайта құру жобасы сәтті аяқталғанын жариялады.

Бұл жоба БҚО әкімдігімен және Приурал селолық округінің қоғамдық консультациялық кеңесімен келісілген болатын. Өткізілген жөндеу жұмыстары жаңа мектепте 464 оқушының дәріс алуына мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта мектепте 14 оқу бөлмесі, спортзал, акт залы, шағын орталық және асхана бар.

Мектепті қайта құру жұмыстары жергілікті «Строительная инициатива» мердігерлік ұйымымен жасалған болатын. Мектеп ғимараты мен қазандықты қайта құру бойынша жұмыстың айтарлықтай көлемі төрт айдан кем уақыт ішінде орындалып, сонымен қатар сумен қамтамасыз ету және көріз жүйелері жөнделген болатын. Приурал орта мектебін қайта құру жұмыстары аяқталғанына арналған салтанатта КПО бас директоры Джузеппе Пази: «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығын тойлау қарсаңында біз тағы да компанияның жергілікті тұрғындармен

және аймақтың мемлекеттік органдарымен құрған өзара табысты қарым-қатынастардың нәтижелерін мақтанышпен атап өтудеміз. Консультациялық кеңес деңгейіндегі ортақ жұмыстың арқасында Бөрлі ауданы мен Батыс Қазақстан облысының орнықты дамуы жалғасып келеді», - деп атап айтты.

КПО басқарудың корпоративті мәселелер жөніндегі басқарушысы Чезаре Алберти Ди Катеная: «Біз Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Приурал орта мектебін қайта құру жұмыстарын аяқтауға өте қуаныштымыз. Консультациялық кеңестер мен жергілікті өкімет органдары ынтымақтастығының және КПО әлеуметтік инвестицияларының көмегімен жергілікті тұрғындар жаңартылған мектептен пайда көре алады», - деді.

Сонымен қатар: «Консультациялық кеңестер өздерінің селоларында КПО-ның әлеуметтік инвестициялары бойынша басымдықтарды анықтау үшін КПО-мен толық ынтымақтастықта қызмет атқарып келеді. Бұл сындарлы диалог КПО-ның тұрғындар проблемалары пайда болуына байланысты әрекет жасауына және КПО мен жергілікті тұрғындардың мүдделеріне



сәйкес келетін бастамаларды әзірлеуге көмектесіп келеді», - деп қосты.

Приурал селолық округінің әкімі Талғат Раимқұлов КПО-ға Приурал селолық округін дамытуға көрсетіліп жүрген қолдауы үшін алғысын білдірді және компания бас директоры Джузеппе Пазиге алғыс хатын табыс етті. Сонымен қатар Талғат Раимқұлов компания мен консультациялық кеңестердің осындай жемісті ынтымақтастығы әрі қарай жалғасатынына сенімін білдірді.

Орнықты даму бөлімінің бастығы Зулфия Музафарова жақын орналасқан елді мекендерде әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру бойынша жоспарларды дайындауда консультациялық кеңестер маңызды рөл атқаратынын атап өтті. КПО және жергілікті тұрғындар арасындағы тығыз ынтымақтастық пен диалогтың арқасында соңғы жылдар ішінде бірнеше әлеуметтік маңыздылығы бар жобалар жүзеге асырылды, селолық мектептер мен емханалар жөнделді, сондай-ақ мектептер мен медициналық мекемелерге жабдықтар сатылып алынды.

Селолық округтерді дамыту жобаларының шеңберінде Димитров (2009) және Қарашығанақ (2010)

селоларының мектептері жөнделді, Жаңаталап селолық дәрігерлік емханасы ғимаратын қаптау жұмыстары жүргізілді (2009), Березов селолық емханасы жөнделді (2010), және Успен орта мектебін ауызсумен қамтамасыз ету жобасы жүзеге асырылған болатын (2009).

КПО селолық округтерді дамытуға бөлетін қаражаттардың көмегімен мектептерге, Мәдениет үйлеріне және медициналық мекемелерге жабдықтар сатып алынған болатын. Мысалы, 2009 жылы Успен селосын техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесіне арналған су сораптары сатылып алынды және Приурал орта мектебінің қазандығына төрт бойлер орнатылды. 2010 жылы жаңа оқу жылының басталуына Бөрлі ауданының алты селолық мектебі (Березов, Успен, Жаңаталап, Приурал, Қызылтал және Бөрлі мектеп-интернаты) КПО атынан сыйға автобустар алды.

Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан сегіз елді мекенді қамтитын консультациялық кеңестер Березов, Успен, Приурал, Жарсуат селолық округтерінде құрылған. Бұл консультациялық органдар 2005 жылы өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес құрылған болатын.

